

ОӘЖ 81'373

*Есенова Қ.Е., ф.ғ.к., доцент,  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті  
Мусина С.Қ. магистрант  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕРКІН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

### Аннотация

Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз.

**Кілт сөздер:** *фразеология, сөз, лексика, семантика, лингвистика, тіл.*

Тұрақты сөз тіркестерінің мәселелері қазіргі таңда тіл ғылымында актуалды проблемелердың бірі есебінде зерттеліп жүр. Өйткені фразеология- тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Сонымен қатар ол бір тілден екінші бір тілге аудару техникасын жетілдіреді.

Лингвистикалық пәндер сөйлемді дұрыс құрып, қалай жазуды, тыныс белгілерін қоюды оқытып үйретеді. Ал тілдік тәсілдерді өткір, нақтылы, дәл және мәнерлі қолдану, жалпы тіл мәдениетін арттыру сияқты мәселелер стилистиканың үлесіне тиеді. Стилистика үшін фразеологизмдердің мәнерлеу тәсілі ретінде маңызы зор. Сондықтан стилистика тұрақты сөз тіркестерінің тіліміздегі атқаратын қызметіне, оның қолдану заңдылықтарына баса көңіл бөлінеді.

Тілдегі фразеологизмдер - тілдік бірліктердің ішінде аккумулятивтік қызметі ерекше байқалатын, бірнеше мыңжылдықтар бойына пайда болып, дамып, қалыптасқан, әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі.

Әр жазушы өз өресіне қарай тілдің фразеологиялық қорынан қажетін алады да, өз кезегінде әдеби тілдің дамуына үлесін қосып отырады. Шын мәніндегі ағылшын көркем әдебиетінің ұлы тұлғалары ретінде танылып, Шекспирмен негіздеген жазба әдеби тіл дәстүрін әрі қарай жалғастырған ағылшын жазушылары осы тіл қазынасын мәнді материал, көркем құрал етіп, әдеби тілдің көркемдік дамуын ілгерілетті.

Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркес-тері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен барабар жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді Сол сан-салалы тізбек,

қалыптасқан сөз топтарын жинау, бір ізге түсірудің мәні өзінен өзі түсінікті.

Тіл-тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (яруста-рынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды.

Басқаша айтқанда, сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын *лексикология* дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы *фразеология* деп атау әбден орынды.

Қазақ тіл білімінде І. Кеңесбаев фразеологизмдерді танып білудің басты үш белгісін: 1) қолдану тиянақтылығын, 2) мағына тұтастығын, 3) тіркес тиянақтылығын қолдап, «осы үш критерийді бір-бірінен жырын алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана фразеологиялық бірліктің ерекше белгілерін тани аламыз» дейді [1, 19].

Фразеологиялық бірліктің басты белгілері: *тұтастық*, *тұрақтылықпен тиянақтылық* дегенде, бұл қасиеттерді дәл өз мағынасында тілдің басқа элементтерінен де табылатынын байқадық. Алайда бұл аталған үш белгіні түгел қамтитын қасиет кез келген сөзден, сөйлемнен табыла бермейтінін ескеру керек. Ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса немесе біреуі ғана болып, екеуі болмаса, ешбір грамматикалық тұлға фразеологиялық бірлік дәрежесіне көтеріле алмайды. Фразеологиялық бірлікте аталған үш белгі – оның ажырамас, бөлінбес, іштей өзектесіп жататын қасиеті. Осыған орай, фразеологиялық бірлік тілдің басқа категорияларынан ерекшеленіп, өзіндік бітім бейнесімен дербес тұрады.

Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы, біріншіден, еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде сөздердің мағынасы жағынан өзара үйлесе отырып, кем дегенде екі сөздің грамматикалық жолмен еркін тіркесуінен жасалады, бірақ еркін сөз-тіркестерінің құрамы тұрақты болмайды. Олардың құрамындағы сөздердің мағынасы, айтылуы жағынан солармен үйлесетін басқа сөздермен айырбастауға, орнын ауыстыруға болады.

Фразеологизмдерге келсек, олар да кем дегенде екі сөздің тіркесуінен жасалады, бірақ олардың құрамы тұрақты. Мысалы: қаншырдай қатқан, бықпырт тигендей, жігері құм болды, нарттай жанды, ұзында өші, қысқада кегі, сияқты тіркестердің құрамын өзгертуге, басқа сөздермен айырбастауға болмайды. Олар өздерінің фразеологизмдік сипатын сақтау үшін, құрамының біртұтастығын, тұрақтылығын өзгертпеуге тиіс. Ондай болмаған жағдайда фразеологизмдік қасиетінен айырылады.

Екінші айырмашылығы фразеологизмдердің мағына тұтастығында. Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына

тәуелсіз. Фразеологизмдік мағына дегеніміз-құрамындағы сөздердің не жеке бір сыңарының лексикалық мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы. Сол себепті фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады.

Үшінші айырмашылығы фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылу тиянақтылығында. Оған негіз болған фразеологизмдердің жоғарыда айтылған құрылымдық тиянақтылығы мен мағына тұтастығы. Осы белгілердің сақталуы нәтижесінде фразеологизмдер даяр тұрақты тіркес сипатына ие болады. Фразеологизмдер сөйлеу кезінде, қарым – қатынас үстінде жасалынбайды, біртұтас тіл бірлігі ретінде даяр қалпында жұмсалады. Мысалы: сағы сынды, қырғиқабақ болды, жаман атты болды, арқаны кеңге салды, құлағын шулатты, көкірек керді т.б. Сөйлеуші бұларды сөйлеу үстінде өзгерте алмайды. Ал еркін тіркестер керісінше сөйлеу кезінде, қарым - қатынас үстінде құрамындағы сөздердің өзара үйлесіп еркін тіркесуі арқылы жасалады.

Төртінші айырмашылығы фразеологизмдердің көпшілігіне мәнерлік, айқындық, бейнелік қасиет тән екендігінде. Бұл қасиет фразеологизмдердің стилистикалық мәнін арттырады. Мысалы: қабағы кірбің тартты деген фразеологизмді оның баламалары болып табылатын ренжіді, жабырқады сөздерінің мағыналарымен салыстырсақ, фразеологизмдердік тіркесте стилистикалық бояу, айшық, бейнелілік байқалады.

Бесінші айырмашылығы- еркін тіркестер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көнеді. Мысалы: *атақты жазушы* «the famous doctor». Ал фразеологизмдер әдетте бір тілден басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көнбейді, оларды басқа тілдегі баламалары арқылы немесе фразеологиялық мағыналарын түсіндіру арқылы беруге болады.

Мысалы: *Ат қойып, айдар тағу* фразеологизмін ағылшын тіліне сөзбе-сөз аударсақ білуге болады.

Фразеологизмдердің сөзбен жақындығы. Бұлардың жақындығын білдіретін мағыналары мен атқаратын қызметтеріндегі ұқсастықтан көруге болады.

Сөздің фразеологизмге жақындығы екі жағдайда айқын байқалады.

Бірінші, тілдің әрбір дербес мағыналы сөз лексикалық бірлік ретінде жеке тұрып, белгілі бір ұғымды білдіріп даяр қалпында қолданысқа түсіп отырады. Сөйлеу үстінде белгілі бір затты, құбылысты, әрекетті қалай атаймыз деп жатпаймыз, ұрпақтан-ұрпаққа белгілі даяр атаулармен атаймыз. Яғни еркін тіркес сияқты сөз атау ретінде сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде жасалмай, даяр қалпында жұмсалады.

Екінші, лексикалық бірлік ретінде сөз де фразеологизм тәрізді бір ұғымды білдіреді, яғни ұғымды білдіруі жағынан сөз бен фразеологизмнің арасында ұқсастық бар. Осы ұқсастық нәтижесінде фразеологизмдер лексикологиямен жақындасады.

Мысалы: *көзді ашып жұмғанша* «тез, жылдам», *су жүрек* «қорқақ», *ат ізін салмады* «қатынаспады», *соқырға таяқ ұстатқандай* «өте анық, айқын», *қара қылды қақ жарған* «әділ» т.б. фразеологизмдер жеке сөздермен мағыналас болып, солардың ұғымында қолданылып тұр. Сөйтіп, жоғары айтылғандай фразеологизмдердің, бір жағынан, еркін сөз тіркестерімен, екінші жағынан, сөзбен шектесіп жатқан екі жақты құбылыс екенін, екі жақтылығын көреміз.

Фразеологизмдердің сөйлеммен арақатынасы. Фразеологизм мен сөйлемнің құрылымдық жағында формалды жақындық, ұқсастық бар. Фразеологизмдерде жай, құрмалас сөйлемдер сияқты құрылымдар кездеседі.

Мысалы: *сойылын соқты, жүрегі тас төбесіне шықты, тас-талқан болды* т.б.

Фразеологизмдер бұрынды-соңды еңбектерде, көбіне, осы лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін жоғарыда атадық. Соның өзінде де екі тілді сөздіктерде иллюстрация ретінде сөз болды. Басқаша айтқанда, біз ұсынып отырған заңдылықтың өз ерекшелігі бар. Жоғарыда аталған үш критерийді түгел қамтитын тұтастық пен тұраралық кез келген сөз элементінен немесе сөйлемнен табыла бермейді. Ал, ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса, немесе біреуі ғана болып екеуі болмаса, ешбір лексикалық-грамматикалық тұлға фразеологиялық бірлік дәрежесіне көтеріле алмайды. Ал, фразеологиялық бірлік категориясын алатын болсақ, ол аталмыш үш белгінің, яғни жоғарыдағы үш критерийдің үшеуіне бірдей ие, үш қасиеттің үшеуі бір-бірінен ажырамай, іштей өзектесіп жатады. Міне, осыған орай фразеологиялық бірлік те тілдің өңге категорияларынан оқшауланып, өзіндік бітім-бейнесімен тіл ішінде өмір сүреді, өз заңдылықтарын берік тұтынады.

Осы аталған басты үш белгіге, яки үш критерийге сүйене, немесе, тіпті, табан тірей отырып, бүкіл қазақ тілінің құрамындағы фразеологиялық бірлік құбылыстарын ең негізгі үлкен екі арнаға бөлеміз.

Оның біріншісі фразеологиялық түйдектер, екіншісі фразеологиялық тіркестер деп аталады. Бұл топтарды дәстүрлі термин атауларына сай түсіндіретін болсақ, фразеологиялық түйдекке идиом сипатындағы фразеологизмдерді жатқызамыз[2, 613]. Сонымен, фразеологиялық түйдекке (идиом) мына тәрізді фразеологизмдер жатады: *Жаны күйді, ит арқасы қиянда, талағының биті бар, жүрегінің түгі бар, жүрек жұтқан, т. б.;*

ағылшын тілінде:

*as stiff as a poker; drive force put smb. to the wall; nothing can part them; they stick together; be (become) a butt for derision, etc.* Бұл типтегі фразеологиялық бірлік компоненттері әуел бастағы негізгі лексикалық мағынасынан айрылып, бәрі жиылып бір ұғымды түйдегімен бір-ақ білдіреді.

Фразеологиялық тіркестер өз ішінен екіге бөлінеді:

а) түйін тіркес. Бұл әуел бастағы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан туған фразеологизм. Басқаша айтқанда, фразеологиялық бірлік сыңарларының о бастағы мағынасы мүлде жойылмағанмен, көмескіленген. Бұған мынадай фразеологизмдер жатады: *ернінен ене сүті кеппеген; пышақ кескендей тыйылды; өкшесін (табанын) жалтыратты т. б.;*

ағылшын тілінде: *be childish; to throw a wet blanket on it (smth.); refuse to open one's lips, etc.*

ә) түйіс тіркес. Бұл да әуел бастағы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан туған. Бірақ фразеологиялық бірлік сыңарларының бастапқы мағынасы бұнда көмескіленбей, әнтек солғындап айтылады. Мысалы: *құмырсақдай құжынаған, орман қолдай, қыпша бел т. б.;*

ағылшын тілінде: *be short of hands; pluck up one's courage (heart); packed to capacity, etc.*

Төменде фразеологиялық түйдек (идиом) және фразеологиялық тіркес (идиом емес фразалар) категориялары толығырақ түсіндіріледі.

Сайып келгенде айтарымыз, қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер

(фразеологизмдер) — тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән -*фразеология*.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кеңесбаев, І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі – Алматы: Ғылым, 1977. -712 б.

2. Аманжолов, С. Қазақ әдеби тілінің және диалектологиясының мәселелері. Вопросы диалектологии и истории казахского языка -Алматы, 1997.-77 б.

*Есенова К.Е., доцент,  
Актюбинский университет им. С.Баишева  
Мусина С.Қ., магистрант,  
Актюбинский университет им. С.Баишева*

### РАЗЛИЧИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ ОТ ПРОИЗВОЛЬНЫХ СЛОВСОЧЕТАНИЙ

#### Резюме

Фразеологизмы сохраняют целостность значения, слова в целостном значении фразеологизмов независимы от индивидуальных значений.